

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 қыркүйектегі N 1276 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 желтоқсандағы N 1348 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 сәуірдегі N 378 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Республикалық "Жеті Жарғы" заң әдебиеті баспасының, апталық заң газетінің қызметін жетілдіру туралы және республикалық ғылыми-көпшілік журналын шығару туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 қыркүйектегі N 1276 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 3 1 , 3 8 3 - қ ұ ж а т) :

1 және 2-тармақтар алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1403 қаулысының күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 желтоқсандағы N 1348 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 4 9 , 4 5 7 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі